

Тақырыбы: Абай-қазақтың ұлы ақыны
(Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай)

Мақала авторы: Сатубалдина Ақбөпе Бекетқызы
«№3 орта мектебі» КММ директоры

Абай-қазақтың бас ақыны. Ұлы ақыны. Абайдай дара да дана тұлға қазақ халқында көп болғанымен, Абайдай әдебиет әлеміне өз жаңалығын алып келген ақын жоқ шығар.

Абай өз сөзінде «Мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген еді. Иә, ол мақсатына да жетті, тіл ұстартты, өнер шашты. Өнерін өлең арқылы таныта білді. Себебі, ол «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» деп баға берді. Өлең арқылы өнегені көрсетті, тәлім берді, ілім, білім негізін қалады. Өлең арқылы өрге өрледі, биікке көтерілді. Бұл оның өлең сөзді қиыннан қиыстыра білгені, «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тигізе білгені еді. «Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл» деп, тіліне ерік берді. Ерік бергенмен, өзі айтқандай, ермек үшін өлең жазбады, жастарға үлгі бермек үшін жазды.

«Жасымда ғылым бер деп ескермедім» деп жазған еді Абай атамыз. Ғылымды ескере қоймағанына, пайдасын біле тұра ден қоймағанына өкінді. Білім қадірін түсінген ақын баласын оқуға берген-ді. Оларды шен, атақ алу үшін емес, қызмет қылу үшін бергенін ескертеді. Және де Абай «Ғылым таппай мақтанба» дейді. Оқып, білім алмай, ілімге көз салмай тұрып мақтанба да, баптанба да дейді. Ойнап, босқа күлу-наданның ісі екенін айтады. Надандықтан бойды аулақ ұстау үшін бес нәрседен қашық бол дейді. Оның орнына бес нәрсеге асық бол, олар сенің досың дейді.

Әрине, Абайдың қай шығармасын алып қарасаң да, терең мағыналы, көпке түсінікті, көркем өлеңнің әр жолы мақал іспеттес, тұнып тұрған даналық ой, көркем тұжырым, ақыл, өнеге, өсиет. Өлеңге керекті бар бейнелі сөздерді, нәрді, кестені қолданды. Осының бәрін халықтың бай тілінен алды. Бай тілді елеп, екшелеп, қиыннан қиыстырып жазды. Ақылмен, білімділікпен жазды. «Мұны жазған кісінің атын білме, сөзін біл!» деген даналық ой айтып кетті.

Міне, мен тіл маманы ретінде ақын атамыз туралы қысқаша өз ойымды толғана отырып жаздым десем де болады. Бұлай толғануыма да себеп бар, ол-Абай атамыздың 2020 жылы 175 жылдық мерейтойы. Бұл іс-шара жер-жерде жоғары деңгейде дүбірлеп өтпек. Біздің мектебімізде де осы мерейтойға арналған түрлі мерекелік іс-шаралар да өткізіледі деп жоспарлануда Солардың бірі, Абай атаның өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу, эссе жазу байқауы, кітап көрмелерін ұйымдастыру, Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында эстафета ұсыну секілді іс-шаралар. Бұл іс-шаралар ойдағыдай өтеді ғой деген сенімдемін. Біз, ұстаздар қауымы, мерейтойдың жақсы өтуіне барымызды саламыз ғой деген ойдамын. Өйткені, біз өскелең ұрпаққа Абай шығармаларын настихаттауға, Абайдай дана тұлғасы бар елдің ұрпағының ақын шығармаларын сүйіп, түсініп, тұшынып оқуына септігімізді тигізуді өз парызымыз деп білемін.

Абай-ұлы ақын. Абайдай ақыны бар елді бақытты ел деп санауға да болады.